

Ахметов П.Б.
**«Алаш» газеті шығарылуының
тарихи алғышарттары**

Мақалада XX ғасырдың бас кезіндегі басылымдардың, соның ішінде, «Алаш» газетінің пайда болуының тарихи алғышарттары туралы сөз болады. Қазақ журналистикасының бастауын баспасөзбен байланыстырамыз. Ал халықтың саяси-әлеуметтік белсенілігін арттырудағы біріншілікті құрал ретінде тілге алынатын газет пен журналдың пайда болуы сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты болды. Автор осы факторлардың сол кездегі халықтың рухани және саналық кемелдене түсуіне көрсеткен ықпалын талдай отырып, «Алаш» газетінде жарық көрген мақалалар мен хат-хабарлардың мазмұнына да қысқаша шолу жасайды. Сондай-ақ мұрағат мәліметтерін пайдаланып, аталған басылымның алғашқы нөмірінде жарық көрген бас мақаланың тексін келтіреді. Әрі осы басылымның қазақ халқының салт-санасына көрсеткен ықпалына да тоқталады. Бұдан тыс, автор баспасөздің пайда болуы мен өмір сүруі тарихи оқиғалардың құрамдас бөлігі екендігін де атап көрсетеді.

Түйін сөздер: газет, «Алаш», ұлт-азаттық қозғалыс, төңкеріс, халықтық сана, қазақ интеллигенциясы.

Akhmedov P.B.
**Historical factors of creation
of the newspaper «Alash»**

The article deals with the historical factors of education periodicals, including gazeti «Alash» in the twentieth century. The origins of Kazakh journalism are periodic print media. Newspapers and magazines increase the activity of the masses in the social and political sectors of the country, so bright prints express socio-historical problems of a particular time. Author considering the above factors analyzes the effect of the printed edition of the spiritual and intellectual development of the people, giving a short explanation of the articles published in the newspaper «Alash». Using archival materials resulting text from the first issue with the main article. And talking about the current edition of the traditional thinking on the Kazakh people. By passing this author emphasizes the point that the appearance of publications is part of the story.

Key words: newspapers, «Alash» national liberation movement, the revolution, the Kazakh intelligentsia.

Ахмедов П.Б.
**Исторические факторы
образования газеты «Алаш»**

В статье рассматриваются исторические факторы образования периодической печати, в том числе газеті «Алаш» в XX веке. Истоками казахской журналистики являются периодические печатные средства массовой информации. Газеты и журналы повышают активность социальную активность населения, поэтому печатные издания ярко выражают социально-исторические проблемы того или иного времени. Автор анализирует воздействие печатных изданий на духовное и интеллектуальное развитие народа, давая короткое объяснение статьям, опубликованным в газете «Алаш». Автор, используя архивные данные, приводит материалы первых номеров газеты.

Ключевые слова: газета «Алаш», национально-освободительное движение, революция, казахская интеллигенция.

«АЛАШ» ГАЗЕТИ ШЫҒАРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

XVIII ғасырдың соңында әлемдегі империяшыл елдердің қатарында патшалық Ресейдің де отарлау саясаты күшейе бастады. XIX ғасырдың аяғында Қазақ даласымен қоса Қокан, Бұхара, Хиуа хандықтары, бүгінгі Орталық Азия мемлекеттері толығымен Ресейдің боданына айналды. 1865 жылы генерал Черняев Ташкент қаласын басып алды. Ғылым мен техникадан кенжелеп қалған хандықтардың қарсылығы Патшалы Ресейді тоқтата алмады.

XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи оқиғалар Ресей империясында әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуімен, Түркістан өлкесінде де отарлық саясаттың күшеюімен ерекшеленді. Отарлық саясат, әсіресе аграрлық салада пәрменді жүргізілді. Өйткені аграрлық мәселе қоныстандыру саясатына тығыз байланысты болды. Патшалық үкімет Ресейден шаруаларды жаңадан жаппай қоныс аудару арқылы Ресейдің ішкі жағында шаруалардың жер үшін күресінің шиеленісін бәсеңдетпекші болды. Қоныс аудару басқармасы қайтадан жергілікті халықтан жерлерді қоныс аудару қорына тартып ала бастады. Бұған наразы болған халық өздерінің жерлерін тартып алуды доғаруды талап етті.

Патшалық Ресейдің жергілікті халықтың талап-тілектеріне мән бермей, өзінің империалистік мақсаттарын жүзеге асыру жолындағы салықтардың артуы мен саяси әрекеттері, территориялық құрамындағы барша отар елдер сияқты Түркістан халқының да сабырын тауысқан еді.

1905 жылғы жазда Сырдария облысының Шымкент, әулиеата уездерінде толқулар бұрқ ете түсті. Мамыр-қазан айлары аралығында ірі қалаларда социал-демократиялық топтар ұйымдастырған шерулерге қатысушылар «Самодержавие жойылсын!» деген ұрандар көтеріп шықты.

Ресейдегі алғашқы революциялық қозғалыс пен отарлық езгідегі халықтардың, соның ішінде қазақ елінің де өз азаттығы үшін күрес жолына түсуі арасында тікелей байланыстың бар екендігі рас. Сонымен бірге метрополия мен бодан елдердің азаттық үшін қозғалыстарындағы айырмашылықтың табиғи сипатын да жоққа шығаруға болмайды. Ол айырмашылықтар бұл қоғамдық қозғалыстардың көздеген мақсатынан және оларға атсалысқан әлеуметтік күштердің ықпалымен туындады. Орыс азаттық қозғалысының негізгі мақсаты Ресейдегі басыбайлы-

лық тәртіп қалдықтарын біржола жойып, елді еркін экономикалық және демократиялық өзгеріс жолына алып шығу болса, Түркістанда ұлт зиялылары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың басты мұраты ұлттық мемлекеттік дербестікті жаңғырту арқылы басқа елдермен тең құқықты өркендеуге жол ашу болды. Яғни ұлт-азаттық қозғалыстың негізінде, бірінші кезекте, ұлттық еркіндік және теңдік мәселесі тұрды. Бұл туралы тарихи еңбектер де дәл куәлік береді:

«1905–1907 жылдардағы Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық революция езгіге түскен ұлттардың оянуына және олардың ұлт болып бірігуіне көп мөлшерде септігін тигізді. Осы процестің негізі болып XIX ғасырдың соңынан бастап айтарлықтай көрініс бере бастаған Ресей империясының шет аймақтарында капитализмнің дамуы табылды. «Конституциялық режим» ұлттардың оянуы бағытында әрекет істеді. Бірақ оның келеңсіз формалары Қазан социалистік революциясына дейін шешімін таппаған, қазақ халқының ұлтқа айналу процесін тежеп және бұрмалады... Кең қанат жая бастаған мектептер торабы, қазақ тіліндегі алғашқы газеттің шығуы, қазақ әдебиетінің дамуы халықтың ұлттық өзін өзі тануын оятты. Қазақ интеллигенциясы кадрларын құру да тез қарқынмен жүрді. Алдыңғы қатарлы интеллигенттер, акындар мен жазушылар өз шығармаларында халықты білім алу мен ағартушылыққа шақырды. Осы интеллигенцияның арасынан көне әдісті мұсылмандық мектептерді түпкілікті түрде реформалау керектігінің жақтаушылары да шықты. XIX ғасырдың аяғында-ақ Ресейдің шығыс шет аймақтарында буржуазиялық-капиталистік қатынастардың пайда болуына байланысты сол жерлерде халыққа білім беру саласында «жәдит», яғни «жаңа әдіс» деп аталатын жаңа ағым пайда болды. Қырым мен Еділ бойындағы мұсылмандардың арасында басталған бұл ағым Қазақстанда да кең қолдау тауып және таралды. «Жаңа әдістік» мектептер діни-догматтық білім берудің көне әдістерінен үзілді-кесілді бас тартты. Олар халық бұқарасына алдымен кең ауқымды еуропа мәдениетін енгізу қажет деп есептеді. Мұндай мектептер алдымен қалаларда, сонан соң барып ауылдарда пайда болды. «Жаңа әдіс» (орал-еділ бойы үлгісіндегі) мектебі мен «көне әдіс» (орта-азиялық үлгі бойынша) мектептері арасында 1917 жылдың ақпан айына дейін жалғасқан тұрақты түрдегі күрес жүріп жатты» [1].

Қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтаған ұлт зиялылары азаттық қозғалыстың бастаушы күшіне айналды. Қазақ жерін отарлап, хал-

қын орыстандыру секілді патшалық Ресейдің өктемдік саясатын әшкерелеп, оған қарсы үгіт-насихат жүргізген Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев және басқалардың қатысуымен даярланған арыз-тілектерде алым-салықтың көбеюіне, билік өкілдерінің өзбарлығына, сондай-ақ жаппай қоныстандыру саясатына батыл қарсылық көрсетілді. Патшалық самодержавиеге қарсы үгіт-насихат жүргізген түрлі астыртын ұйымдар мен топтардың ісіне араласа жүріп, өздерінің ой-пікірлерін, жеке көзқарастарын баспасөз беттерінде жариялап отырды. Мысалы, М.Тынышпаев: «Сахарадағы толқудың басты себебі саяси, рухани, діни, экономикалық езгі» [2], – деп ашық айтты.

Қазақ журналистикасының бастауын баспасөзбен байланыстырамыз. Ал халықтың саяси-әлеуметтік белсенілігін арттырудағы біріншілікті құрал ретінде тілге алынатын газет пен журналдың пайда болуы сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты болды. Қоғам қайраткері, жазушы Б.Қойшыбаев бұл ретте былай дейді: «Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғаннан соң, патша жарлықтарын қазақтарға түсінікті тілде жеткізіп тұру үшін 1870 жылы Ташкентте «Түркістан уәлаятының газеті» ашылды. Ол 12 жыл бойы шығып тұрды. Қыр қазақтары үшін 1888 жылы Омбыда «Дала уәлаятының газеті» ашылып, 14 жыл шықты. Отарлаушы үкімет бұл басылымдарды қазақты басқарудың бір құралы ретінде қолданылды. Алайда, ұлт зиялылары осы мүмкіндікті ұлтты ұйыстыру, елдік мүддені қорғау үшін тиімді пайдалана бастағанын сезген патша әкімшілігі газетті жабуға мәжбүр болды» [3].

Бірақ мұнымен баспасөздің тамырына балта шабылды деп айта алмаймыз. Сол кезеңде қазақ халқының ірі мәдени ошақтарында жабылған бір газеттің орнын екіншісі толықтыратындай басылымдар шығып жатты. Солардың бірі ретінде «Алаш» газетін атап көрсетеміз. Басылым туралы «Қазақ журналистикасының тарихы» атты еңбекте нұсқалы мәлімет келтіріледі: «Алаш» 1916 жылы 26 қарашадан бастап 1917 жылдың ортасына шейін, Ташкент қаласында аптасына бір рет шыққан. Редакторы Көлбай Тоғысов, шығарушысы Мәриям Тоғысова. «Туркестанский курьер» баспаханасында басылып тұрған. Газеттің шығуы жайында «Алаш» газетінің алғашқы санында: «Россия қарамағындағы елдердің бірі болу үшін қазақ халқының шешетін мәселелері көшпелілік пен отырықшылық, оқу-ағарту ісін жөнге қою, Мемлекеттік Думаға қатысу, сот ісін жөндеу, әйел мәселесін көтеру, елдің тұрмыс-ха-

лін түзету» деген. Міне, газеттің осы мәселелерді көтергенін ондағы басылған мақалалардан байқауға болады. К.Тоғысов «Жоғалсын Романовтар» деген мақаласында 300 жыл бойы Ресейді билеген Романовтар жайлы айта келіп, әр халық өз алдына егеменді ел, демократиялық республика болуы керек деген идеяны ұсынады» [4].

Газеттің алғашқы санының бірінші беті толық болмаса да, бас мақаласының мазмұны байқаларлықтай бөлігін Ташкенттегі өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан таптық. Газеттің қалған беттері немесе нөмірлерін ол жерден табудың мүмкіндігі болмады. Бірінші бетте араб әрпімен берілген мақаланың тексі шамамен былайша болып келеді: «Тәуекел деп Құдайға сиынып, бір үлкен жұмысқа кірістік. Бұл жұмыстың тізгіні бір адамның қолынан келуі тым оңай емес. Көптеп көмектеп жіберсе, тоқталмай жүріп кетуі де қиын емес. Жарық дүниеде адам болып жүрген соң, дүниенің төрт бұрышында болып жатқан тамаша жұмыстардан хабардар болып тұрудан не зиян бар?

Бірақ хабардар болмаққа дүниенің төрт бұрышына атқа мініп жету қиын жұмыс һәм мүмкін емес. Сол себебді, дүниенің төрт бұрышын газета-жұрнал арқылы аралау шығынсыз саяхат екені тағы мағлұм. Халыққа керек жұмысты газета-жұрнал арқылы сөйлесіп, пайдалану аса керек. Уақыты осы заман екені һәр адамға мағлұм. Еуропада болып жатқан өртке күллі дүние жұрты құлақ салып тұрғанда, біз жеті-сегіз миллион қазақ халық газеттері арқылы хабардар болғанымыздан не зиян бар? Осы соңғы жылдың ішінде көз алдымызда саяси жағынан қарағанда қандай замандар өтті? Бірінші, біздің Россия мен Жапония соғысты. Екінші, Россияға төртінші октябр туған күні Россия халық государстуенный дума ашылды. Үшінші, Қазақ даласына қара шекпендер келіп, қатар қонып көрші болды. Төртінші, мұнан кейін қазақта қала болып отырған қандай, жоқ болмаса, бұрынғыдай көшіп жүрген қандай деген мәселелер туып, мұның аяғы әлі жерге тиген жоқ. Бесінші, қазаққа әлі ғаскер болу қандай, жаяу әскер салдат болу қандай деген сөздер туып, Қазақ газетіне һәм кім өз мүкірін жазып, жаңа (...) салып тұрғанмен де 25 июнь указы туды. 19 жастан 31 жасқа шейін қазақ баласы мемлекет (...) шақырады. Сол себебді салдат-казак деген сөз уақытша бос қалып, енді қазақ баласы:

– Бұл хызметке шақырылған жігіттерді қалай қиып жібереміз? Тамағын, киімін қайтеміз? Жас қызметкерлеріміз кетсе, малымызды кім бағады? Мына қаһарын төгіп келе жатқан қысты қайтеміз? – деп қазақ өзара сөз қылып жүрген-

де, бізге ақша жиып беріндер, біз іздеп бұзамыз, жол табамыз деген мырзалар шықты. Бұлар алды-арты екі-үш мың ақша алып тұрлар, аралап жаяу келсе, ұлықтардың тілмашларымен шығысып, ол аз болса, гүләй салып елге қайтты. Кейбіреулері жоғарыда қайтқан жоқ деп жазады. Бұл кемшілікке кім ғайыплы? әлбетте, қазақ өзі ғайыплы. Ақшаны басқа суға төккенше, Орынборда қазақ даласына (...) жалтырап орган Қазақ газетасына үш тиындық хат жазса, жоғары болыслардан шыққан алды (...). Мұның арты бір үш мың ақша қазақтың өз қолына қалар еді. Жер кемшілік жоқ. Мұнан былай сақ болсақ та болар. Төртінші, бесінші июн жарлығы бойынша қызметке шақырылған қазақ балалары тоқталмай баруы керек. (...) Россия жағы қолдарына мылтық алып дұшпанға қарсы тұрғанда, біздің қазақ та темір, күрек, тешесін жалаңдатып барғаны қандай жақсы. Қорықпай, жүрексіңбей баруы керек. Барған жұмыскерлердің қылатын жұмысы мынау: жер қазады, тақтай тамды (үй мағынасында – Б.А), темір жол салуға кіріседі, мал сояды, (...) жүрмейтін қылады. Осы жақында запыдный фронтты аралап қайттым. Ол жақта қазақ қорқарлық іс жоқ. Қазақ бозбаласы бұл жұмысқа тоқталмай барса, ертең соғыс тоқтағанда біздің қазақ та басқа халық қатарында өзіне тиесілі сыбаға сұрауға ұялмайды. Һәм (...) баласының баруы болып көрінеді. Бірақ мұндай жұмыстың алға басуына жұрт ағасы бас қосып, береке-бірлік қылуы керек. Жұмысқа шақырылған жігіттердің қатын-балаларының қамын ойлап, солар ашжалаңаш болмасқа қызмет қылу керек. Мысал, һәр болыс ел өзара дүкен ашып, комитет бұған жақсы адамдарды сайлап, қолдарынан келгенше ақша, мал, отын жинап, кедей-кепшіктердің баласын асырау керек. Бағанағы жол табамыз деп ақша сұраған мырзаларға жиып берген алды бір мың, арты үш мың сом ақшаны осындай жолға ұстау қандай жақсы. Егерде күйеусіз қалған қатын балаға мұндай (...) болашақ кеткен жігіттерге де болысатын жол бар. Жұмысқа бара жатқан жігіттерге русша оқу, тіл білген адамдар судан өтпеген қойды бастаған сыр кедей болатын жері осы. Мұны һүкімет басында өз көзімізбен көрдік. Қазақтың русша-мұсылманша оқу оқыған жігіттерінің халқына (...) басшы боллар уақыты жетті. (...)» [4].

Бұдан, газеттің жарық көруінде сол кездегі биліктің де әсері басым екендігі байқалады. Дегенмен, ғалым Ұ.Субханбердинаның көрсетуі бойынша, газет беттерінде бірқатар саяси-шаруашылық мәселелерін қозғаған, мәдениет, әдебиет, тіл туралы, оқу-ағарту ісі, газет-журнал

шығару жұмысы, әйел мәселесі жайлы мақалалар мен хат-хабарлар, өлеңдер, әңгімелер, аудармалар жарық көрген [5].

Қорыта айтқанда, «Алаш» газеті де, сол кездегі басқа басылымдар да тарихи қажеттіліктен туындады. XX ғасыр басында Ресейде болсын, Қазақ өлкесінде болсын жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы өте ауыр еді. Мұның бәрі жұмыс-

шыларды өз жағдайларын жақсарту үшін күреске шығуға итермеледі. Империяның қол астындағы бодан елдерде ұлт зиялылары ел басына ауыр күн туған осындай қиын-қыстау кезеңде мерзімді басылымдар арқылы халыққа жол көрсетіп, жөн сілтеп отырды. Мерзімді баспасөз халықтың саналы түрде ұлттық азаттығын қорғауындағы маңызды алғышарттардың бірі болды.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ елінің тарихы. Авт. ұжымы, қайта өңделген 3-ші басылымы. – Алматы: Б.Тайжан атындағы қор, 2012.
- 2 Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / М. Қойгелдиев, Ө. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, т.б. – Алматы: Мектеп, 2007.
- 3 <http://baq.kz/material/192>
- 4 Фонд №-Исторический-461, Опись-1, Дело 17-84., Лист-203.
- 5 Субханбердина Ү. Қазақ. Алаш. Сарыарқа. / Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Ғылым, 1993.

References

- 1 Kazakh elining tarikhy. Avt. uzhyмы, qaita ongedelgen 3-basylymi. – Almaty: B. Taizhan atyndagy qor, 2012.
- 2 Kazakhstan tarikh: Asa mangyzdy kezengderi men gylыmi maseleleri. Zhalpy bilim беретin mektepting qogamdyq-gumanytarlyq bagytindagy 11-sinybyna arналgan oqulyq/ M. Qoigeldiyev, O. Toleubaev, J. Qasymbayev, t.b. – Almaty: Mektep, 2007.
- 3 <http://baq.kz/material/192>
- 4 Fond № Istoricheski-461., Opis-1., Delo-1784., list-203.
- 5 Subkhanberdina U. Qazaq. Alash. Sararqa. / Mazmundalган bibleografiyalыq korsetkish. – Almaty: Gylym, 1993.